

5-сынып
Олимпиадаға дайындық курсы
31-сабақ
Тақырып: Уақыт және адамның жасы
Сынып жұмысы

1. Қазір қызы 8 жаста, ал анасы 38 жаста. Неше жылдан кейін қызы анасынан 3 есе кіші болады
A) 17
B) 9
C) 5
D) 7
E) 12
2. Жанұяда төрт бала бар. Олардың үшеуі кенжесінен сәйкесінше 2, 6 және 8 жасқа үлкен. Егер барлық балалардың жастары жай сандар болса, үлкені нешеде?
A) 11
B) 13
C) 17
D) 19
E) 23
3. Егер әкесіне 46 жаста, ал ұлы 16 жаста болса неше жылдан соң әкесі баласынан 2 есе үлкен болады?
A) 14
B) 12
C) 10
D) 18
E) 16
4. Атасы неше жаста болса, немересі сонша айда. Егер екеуінің жастарын қосса 78 болады. Немересі неше жаста?
5. Асаннан жасын сұрағанда, былай деді:
«Мен әкеме қарағанда 3 есе жаспын, ал ініме қарағанда 3 есе үлкенмін. Інім әкем 40 жасқа келгенде туылды».
Асанның жасы нешеде?
6. Үш ағайындының жастарының қосындысы 3 жыл бұрын 44 болған. Қазір неше?
7. Жанұяда 3 адам бар. Әкесі, анасы және баласының жастарын қосса 74 шығады. Ал осыдан 10 жыл бұрын жанұя мүшелерінің жастарының қосындысы 47 болған. Баласы нешеде?

8. Аяулымның жасы 18-де. Осыдан 4 жыл бұрын Аяулымның жасы Ералының жасынан 2 есе үлкен еді. Қазір Ералы нешеде?
9. 2000 жылы Айнұрдың жасы, туылған жылының цифрлар қосындысына тең болды. Айнұр нешеде?
10. Менің ағам 2 жылдан кейін оның 2 жыл бұрынғы жасынан 2 есе үлкен болады. Ал әпкем 3 жылдан кейін оның 3 жыл бұрынғы жасынан 3 есе үлкен болады. Кім үлкен?
11. Сыныптағы 20 баланың орташа жасы 13. Егер сынып жетекшіні де қосып есептесе, орташа жас 14 болады. Сынып жетекші нешеде?
12. Футбол ойынап жатқан 11 ойыншының орташа жасы 24. Бір ойыншы қызыл карточка алып, ойыннан шығартылды. Бірақ қалған ойыншылардың орташа жасы өзгеріссіз қалды. Шыққан ойыншы нешеде?